

А. ӘБІЛҚАЕВ

ҚАЗАҚ ТІЛІ
— 20

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
ТӨЛ СӨЗ БЕН ТӨЛЕУ СӨЗ

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ОҚУ-ПЕДАГОГИКА БАСПАСЫ

АЛМАТЫ — 1956

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

А. Ф. — Александр Фадеев.
М. И. — Мұқан Иманжанов.
М. Ә. — Мұхтар Әуезов.
О. Ш. — Омар Шипин.
С. Е. — Саттар Ерубаяев.
С. М. — Сәбит Мұқанов.
Ғ. М. — Ғабит Мүсрепов.
Ғ. Мұст. — Ғабиден Мұстафин.
Ә. Ә. — Әлжаппар Әбішев.
Қ. Ә. — Қалмақан Әбдіқадыров.
Ғ. С. — Ғабдол Сланов.
Ә. С. — Әбу Сәрсенбаяев.
Б. Соқп. — Бердібек Соқпақбаяев.
Т. С. — Төлеухан Сағынбаяев.

А АВИЛЬКАЕВ

ПРЯМАЯ И КОСВЕННАЯ РЕЧЬ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

(на казахском языке)

Казахское Государственное
Учебно-педагогическое издательство
Алма Ата — 1956

* * *

Редактор К Кабиева Техн редактор М Н Юровский
Корректор Х Акназарова

* * *

Сдано в набор 3/V 1956 г. Подписано к печати 10/VII 1956 г.
Формат бумаги 84×108¹/₂ Объем 2,375 печ л, усл печ л 3,9, уч-изд л 3,757.
Тираж 3000 экз. УГ04120
Казучпедгиз, ул Абая, 44 Изд № 191.
Заказ № 308 Типография № 2 Главиздата Министерства культуры КазССР,
г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 55
Цена 1 руб

92327+

КІРІСПЕ.

Қазіргі қазақ тілі грамматикасының синтаксис бөлімінде сөздердің сөйлем ішінде тіркесу заңдылығы, сөйлемнің түрлері мен сөйлем мүшелері туралы ережелер беріледі. Сонымен қатар онда төл сөз бен төлеу сөз туралы да түсінік беріледі.

Мектеп пен педучилищеге арналған оқулықтар және программалар бойынша төл сөз бен төлеу сөз арнаулы тақырып болып оқытылып жүр. Оқулықтарда негізінде төл сөз бен төлеу сөзге анықтама берілумен қатар, төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі, соған сәйкес тыныс белгілері, төл сөздің төлеу сөзге айналу жолдары баяндалады. Алайда төл сөз бен төлеу сөз мәселесі күні бүгінге шейін тек оқулықтарда берілген мәліметтердің аясынан әрі аспай, ғылыми тұрғыда терең зерттелмей келеді. Синтаксистің басқа объектілері азды-көпті зерттеліп, ғылыми тұрғыда бір жүйеге түсті деп айтуға болса да, төл сөз бен төлеу сөз жөнінде мұны айтуға болмайды. Бұған Қазақ ССР Ғылым академиясы басып шығарған «Қазіргі қазақ тілі» атты ғылыми еңбекте төл сөз бен төлеу сөзге арнаулы тақырып ретінде орын берілмегендігі айғақ.

Төл сөз бен төлеу сөздің ғылыми тұрғыда зерттелмеуі практикада, оқыту ісінде, сауатты жазуда едәуір қиыншылық келтіріп жүр. Бұл қиыншылық тек мектеп оқушылары практикасында ғана емес, студенттердің де, сондай-ақ кейбір оқытушылардың да, практикасында кездесіп келеді.

Диктант жазғанда, оқушылардың тыныс белгісінен жіберетін қателерінің көбі, негізінде, төл сөздің тыныс белгісіне байланысты десек, артық болмас. Үйткені оқушы төл сөз бен құрылысы жағынан төл сөзге ұқсаған,

бірақ ақыйқат төл сөз емес реттерді жете айыра алмайды. Соның салдарынан төл сөз болмайтын реттерге де төл сөздің тыныс белгісін қойып қояды, немесе төл сөздің тыныс белгісін тиісті жерінде қоймай кетеді.

Төл сөз бен төлеу сөз мәселесінің жете зерттелмеуі авторға бұл жөнінде кейбір пікір айтуға мүмкіндік берді. Бұл кітапшада автор төл сөз бен төлеу сөз жөнінде оқулықтарда айтылып жүрген ережелерді басшылыққа ала отырып, ақыйқат төл сөз бен құрылысы жағынан төл сөзге ұқсаған реттердің арасын айыратындай грамматикалық белгілерді және төл сөз болмайтын басқа да жағдайларды көрсетуге тырысады. Сонымен қатар кітапшада төл сөзді төлеу сөзге айналдыруда ескерілмей келе жатқан кейбір грамматикалық заңдылықтар туралы да айтылады. Мағна жағынан төл сөз бен төлеу сөзге ұқсас, бірақ олардан грамматикалық және стильдік ерекшелігі бар төл сөз бен төлеу сөздің кейбір түрлері де жол-жөнекей баяндалады.

ТӨЛ СӨЗ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН ЕРЕҚШЕЛІКТЕРІ.

Біреудің ешбір өзгеріссіз, дәл берілген сөзі мен оны жеткізушінің (сөйлеушінің я жазушының) сөзінің өзара байланысынан, қарым-қатынасынан болған құрылысты төл сөз құрылысы дейміз.

Төл сөз құрылысы — белгілі бір дәуірдің ғана жемісі емес, талай замандар бойында қалыптасқан тарихи категория. Төл сөз құрылысы түрік тілдерінің бәріне ортақ ертедегі жазу мұрасы — Орхон-Енисей нұсқаларында, сондай-ақ одан бергі дәуірдегі жазба шығармаларда және халықтың ауыз әдебиетінде кездесіп отырады. Мысалы, «Күл-Тегін» ескерткішінде мына саяқты төл сөзді сөйлем кездеседі:

«Түрк будун ұласікіг анта анығ кісі анча бошғурур арміс: «ырақ арсар, іаблак ағы бірұр, іағук арсар, адгұ ағы бірұр», тіп, анча (інчá) бошғурур арміс»¹.

Мұның қазақшасы:

Ондағы дұшпан адамдар түрік халқының бір бөлегін былайша азғырып қойыпты: «Жырақта болсаң, жаман сый аласың, жақында болсаң, жақсы сый аласың,» — деп, әбден азғырып қойыпты.

Бұл — бізге төл сөз құрылысының ертеден келе жатқан құрылыс екенін аңғартады. Ол түсінікті де, ұйткені адамдар күнделікті өмірінде өзара пікір алысқанда, тек өз ойын, өз көзқарасын ғана білдірумен тынбай, басқаның да сөзін өз сөзі арасында келтіреді. Өз сөзі арасында басқаның сөзінің бүкіл ерекшелігін сақтауы төл сөз құрылысынан көрінеді.

¹ С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. Изд. АН СССР, М.-Л., 1951, 28.

Төл сөз құрылысы жазумен байланысты одан әрі дамыған. Көркем сөз шеберлері — жазушылар өз шығармаларында персонаждарының арасындағы қатынасты, тартыс-шиеленісті олардың сөздерімен бергенде, төл сөз құрылысын да кеңінен пайдаланады.

Төл сөз құрылысы нақты төл сөз — автор сөзінің құрылысынан абстракцияланады, солардың негізіндегі жалпылық қасиеттен жасалады.

Төл сөз құрылысының өзі іштей мағыналық және интонациялық жақтан бір-біріне сәйкес келмейтін екі бөлімнен тұрады: а) төл сөз, б) автор сөзі.

Сөйлеушінің (я жазушының) өз сөзі ішінде біреудің сөзінің ешбір өзгеріссіз, барлық ерекшелігі сақталып айтылуын төл сөз дейміз.

Төл сөзді ішіне алып, онымен қоса айтылған сөйлеушінің (я жазушының) өз сөзін автор сөзі дейміз.

Мысалы:

— *Мектепті бауға бөлепсіңдер ғой,*— деді ол Жақыпбекке, мыйығынан күліп (М. И., «Алғ. айлар»). Біржан құп тыңдап, өзі де сүйсіне көтеріліп: — *Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым сен болсайшы, Абай!*— деді (М. Ә., «Абай») — *Бұл 316-номер ме?* — деп сұрады әйелдің нәзік даусы (С. М., «Ботакөз»).

Бұл келтірілген мысалдардағы төл сөздер: 1. *Мектепті бауға бөлепсіңдер ғой.* 2. *Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым сен болсайшы, Абай!* 3. *Бұл 316-номер ме?*

Бұлар автор сөзінің ішінде ешбір өзгеріске түспей, айтылу мақсатын, интонациясын, құрылысын және басқа да ерекшелігін толық сақтаған.

Ондағы: 1. *деді ол Жақыпбекке, мыйығынан күліп* 2. *Біржан құп тыңдап, өзі де сүйсіне көтеріліп...* деді 3. *деп сұрады әйелдің нәзік даусы* дегендер — автордың сөздері.

Төл сөз құрылысының өзіндік ерекшелігі бар. Ол ерекшелік төл сөз бен автор сөзінің қарым-қатынасынан, олардың әрқайсысының өзіне тән айрықша белгілерінен көрінеді. Атап айтқанда, олар бір-бірінен интонациясы мен құрылымы арқылы, әрқайсысына тән сөздер мен мағналық мазмұндары арқылы айырылады.

1. Төл сөз құрылысының, біріншіден, айтылу мақсаты мен соған сәйкес интонациялық ерекшелігі бар, яғни төл сөздің өз интонациясы, автор сөзінің одан ерекше өз интонациясы болады. Үйткені әрбір төл сөз мақсатына қарай хабарлы, лепті және сұраулы сөйлем түрінде айтылып, соған лайықты интонациялармен — хабарлық, лептік және сұраулық интонациялармен — беріледі. Ал төл сөзбен айтылған автор сөзі хабарлы сөйлем түрінде айтылып, хабарлау интонациясымен беріледі. Демек, төл сөз бен автор сөзі айтылу мақсаты жағынан, интонациясы жағынан бір тектес болмайды. ~~Төл сөз бен автор сөзі дауыстың көтеріңкі я бәсең айтылуымен де ерекшеленеді.~~ Автор сөзі түріндегі сөйлем төл сөзге қарағанда бәсең айтылады, яғни төл сөзді айтып, енді автор сөзін бастағанда, дауыстың едәуір бәсеңдегені бірден сезіледі. Бұл әсіресе автор сөзі төл сөздің ортасында не төл сөзден кейін тұрғанда анық байқалады. Сонымен қатар төл сөз бен автор сөзінің аралығында аз да болса кідіріс болады.

2. Төл сөз құрылысының өзіне тән екінші бір ерекшелігі төл сөзде көңіл күйін, модальдылықты білдіретін сөздер, демеулік шылаулар және сол сөйлемге бүтіндей мағналық қатысы бар қаратпа, қыстырма, одағай сыяқты сөздер жиі кездесіп отырады. Мысалы, жоғарыда келтірілген сөйлемдердегі төл сөз ішінде демеулік шылаулар (*ғой, ме*), одағай (*шіркін*), қаратпа сөз (*Абай*) және тілек мәнді білдіретін (*болсайшы*) деген сөз қолданылған. Өз алдына ерекшеліктері бар мұндай сөздер автор сөзі түріндегі сөйлемде қолданылмайды. Автор сөзінде айту, ойлау ісіне байланысты-етістіктер, төл сөзге байланысты жанама сыйпаттама беретін сөздер ғана қолданылады. Мысалы:

— *Солай ма? — деді таңданған пішінмен (Ә. Ә., «Серт»).*
— *Жақа, бұрын мұндай ұзақ кітап оқып көріп-пе едіңіз? — деп сұрады ол (М. И., «Алғашқы айлар»).*
«Бұл не? — деп ойлады Амантай. — «Бұл кезде шіркеу қағылмайтын еді ғой. Әлде өрт шықты ма?» (С. М., «Ботакөз».)
«Ана жерге отыр, — деді Балтабек Асқарға, — Амантай мен Ботакөздің арасынан орын көрсетіп».
(Сонда)

3. Төл сөз бен автор сөзі бір-бірінен мағналық мазмұн жағынан да айырылады. Төл сөз түріндегі сөйлем қандай мақсатта, қандай мазмұнда болсын, әйтеуір бі-

реудің сөзін я ойын баяндайды, ал автор сөзі түріндегі сөйлемнің мағналық мазмұны, жалпы алғанда, мына сыйпатта болып келеді:

а) автор сөзі төл сөздің кімге тән екендігін, иесін білдіреді:

Жә, урядник не күйде қалды, тірі ме? — деді Быков.

— Тірі...,— деді Бұланбай (Ғ. М., «Оянған өлке»).

— Доғар сөзді! — деді Жақып (Ғ. Мұст., «Миллионер»).

б) автор сөзі төл сөздің кімге қаратылғанына, қандай жағдайда және қалай айтылғанына жанама сыйпаттама береді:

— Енді қайтесің? — деді Быков Елизаветаға қарап (Ғ. М., «Оянған өлке»).

— Құзғынбаев мен болам, — деді орысшалап (С. М., «Ботакөз»).

— Кім? — деді Сапар, басын кекшитіп.

— Сенсің! — деді Жарқын, одан тайсалмай (М. И., «Алғашқы айлар»).

— Бану, мұнда кел,— деп дауыстады Жақыпбек (сонда).

в) автор сөзі төл сөздің ішіндегі кейбір сөздің, көбінесе сілтеу есімдігінің мазмұнына нақтылы түсінік береді, толықтырып анықтайды:

— Бүркіттің ана жері, — деді Амантай, бұл ыйған кеудесін көрсетіп — бөтеге дейді (С. М., «Ботакөз»).

— Мынаны өзің алып, қайта қарашы,— деп, бірінші тоқсанға жасалған оқу планын стол үстінен алып, Жақыпбекке ұсынды ол (М. И., «Алғ. айлар»).

Алғашқы сөйлемде Амантайдың төл сөзіндегі *ана жерін* деген сөз автор сөзіндегі *бұлтыйған кеуде* деген сөз арқылы айқын түсіндіріліп тұр; соңғы сөйлемде төл сөздегі *мынаны* деген сөз автор сөзіндегі *оқу планы* деген сөз арқылы нақтылы түсінік алған. Егер төл сөздің қайсысында болса да сілтеу есімдіктерінің мазмұны автор сөзінде түсіндірілмесе, оқушы, сол көрсетілген зат кез алдында тұрмағандықтан, төл сөз иесінің нені көрсетіп тұрғандығын біле алмас еді. Демек, бұл реттегі автор сөзі төл сөзге сырттай сыйпаттама болып, тұрса да, жоғарыдағы екі түріне қарағанда, төл сөздің мағналық

мазмұнына тікелей ортақтасып, онымен анағұрлым тығыз байланысқан.

4. Төл сөз, өзінің құрамы жағынан да біркелкі емес. Төл сөз ауыздан шыққан жеке дыбыс түрінде де, одағай, қаратпа сөз түрінде де, сөйлем түрінде де, тіпті біреудің айтқан ұзақ сөйлеуі (монологі) түрінде де бола береді. Яғни төл сөз құрамы жағынан шексіз дерлік. Ал автор сөзі, көбінесе, жай сөйлем немесе құрмалас сөйлем түрінде келеді.

— *М-м-м!* — деді Байжан енді сенген сыяқтанып (С. М., «Сырдария»).

— *Һа-Һа-Һа-Һ!*.. — деген өзінің қатты айғайынан шошып оянған Асқар есеңгіреп, аз уақыт орнынан тұра алмай отырды (С. М., «Ботакөз»).

— *Ойбо-о-й, бейшарс-ай!*... — деді Байжан, Жұман екенін танығаннан кейін (Ғ. М., «Оянған өлке»).

Абай үндемей, біраз іркіліп қалып: — *Асыл аға!* — деп Асылбекке қарай беріп еді (М. Ә., «Абай»).

Ойланып кеп, үндемей отырып барып, ақырында.

— *Шынға бақсаң, сенің сөзің әділ екен, балам. Бетің де, арманың да көкейіме қонады. Ендігі заман солай болса, болғаны-ақ! Сенің айтып отырғаның осы өз буының мен келер ұрпақтың тілі болар. Тек бірақ кімге барасың? Үлгі, өнегесін қайтіп аласың? Сол жолда заман адастырмаса, болғаны да?* — деп, сөзін аяқтады (М. Ә., «Абай», I).

Төл сөз құрылысының өзіне тән ерекшеліктері, жалпы алғанда, осындай.

де етістігі және оның төл сөз құрылысындағы ролі.

Біреудің сөзінің төл сөз түрінде берілуіне жағдай жасайтын бірден-бір сөз — автор сөзіндегі *де* етістігі болады. *де* етістігі — өздігінен жеке тұра алмайтын, лексикалық, мағнасы солғындаған көмекші, етістік. Бірақ, ол — лексикалық мағнасынан бүтіндей айрылып қалмаған; негізінде, *айт, сөйле* деген етістіктермен мағналас сөз. Төл сөз *де* етістігінің арқасында өзінің ішкі дербестігін сақтайды да, *де* етістігімен кәсіп автор сөзі түріндегі сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарады.

Сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқаруы *де* етістігінің формаларына және оның автор сөзіндегі басқа мүшелермен қандай қатынаста тұрғанына байланысты. Төл сөзбен *де* етістігінің сөйлем мүшесіне қатынасы негізгі сөзбен көмекші сөздің күрделі мүше қызметін атқаратындай қатынаста болады.

Де-нің деді, дейді, деген, дейтін, депті деген сыяқты формалары төл сөзбен қоса автор сөзінің тыянақты баяндауышының қызметін атқарады.

— *Енді бір тілек айтуға рұқсат етіңіз, — деді Жақыпбек (М. И., «Алғайлар»).* Абылғазыға жанасалап жүріп келе жатқан Ербол: — *Жаным-ау, қалай таптың бізді?! Көріп келің бар ма!? — дейді (М. Ә., «Абай»).*

Де-нің деп, десе, дегенде, дегенмен формалары төл сөзбен қоса автор сөзіндегі құрмалас сөйлемнің бағыныңқы жай сөйлемінің баяндауышы қызметін атқарады.

— *Ойбай-ау! Өзім де бір-ақ естіп, ұстай алмай, дәт деп қап отырғам жоқ па, жеңеше-ау! — деп, Мұқамметжан домбыраға жаңағы әннің бас қайырмасын тықылдатып көрді (М. Ә., «Абай»).*

Дәулет қалжыңдап: — Дәукеш дегенің жұрттың құлағына Дәукес боп естілуі мүмкін... — десе:

— *Дәукес болсаң, дәукессің, — дейді Айбарша (С. М., «Сырдария»).*

— *Олардың екеуін де алдап қайрап, қолтықтарына дым бүркіп, осылай етіп отырған, мен білсем, дәл Әзімбай! — дегенде үйдің іші түгел мақұлдап, күлісіп те алды (М. Ә., «Абай жолы»).*

Де етістігінің *дегенді, дегенге* формалары төл сөзбен қоса автор сөзінің толықтауышы қызметін атқарады.

Ұзамай фельдшер де шығып.

— *Енді қайта беріңдер. Ұзақ жатады, көп емдеу керек болады, — дегенді түсіндірді (Ғ. М., «Оянған өлке»).* Исаның. «*Барма, өлемісің, отыр' — дегеніне қарамай, кете барды (М. Ә., «Абай жолы»).*

Де-нің есімше деген, дейтін түрлері төл сөзбен қоса анықтауыштың я бастауыштың қызметін атқарады.

Мысалы. Жұрттың қошеметтеген даусы, Айқынның:

— *Максим Евгеньевич, байқайсыз ба? Халық тілегі аттап өтер ор емес, шалқып жатқан теңіз-ау, — дегені оған ілесе көп ішінен бір шалдың:*

— *О, абзал маңғаздарым, көп тілеуі қашаңға көміле*

береді бұл? — деген сөзі Назгүлді масаттандырып жіберді (Ә. Ә., «Терең тамырлар»).

Мұндағы төл сөздер өз ішінде жеке-жеке сөйлем болып тұрғанмен, *деген* арқылы басқа бір жай сөйлемнің бастауышының, анықтауышының нақты мазмұнын көрсетеді

* * *

Сөйлемде *де* етістігі болғанмен, біреудің сөзі әрқашан төл сөз қалпында айтылмайды. Демек, *де* етістігінің төл сөзге байланысты айтылғаны мен басқа жағдайда тұрғанының ара жігін айыру қажет нәрсе, үйткені ол — төл сөзге байланысты тыныс белгілерін қоюда үлкен роль атқарады.

Де етістігінің төл сөзде және басқа орындарда келуіне байланысты қазақ тілшілерінің бірен-саран айтқан пікірлері бар.

Мысалы, С. Жиенбаев өзінің «Сөйлемнің тыныс белгілері»¹ деген еңбегінде *де*-нің төл сөз белгісі болмайтын ретін оның шылауға айналуымен дәлелдейді. «Бұл *де* етістігінің өзі, — дейді автор, — бір жағынан етістік мәнінен шығып сөз арасын байланыстыратын шылау ретінде *де* айтыла береді. Осындай өзгеше жағдайларға байланысты төл сөзді сөйлемнің тыныс белгілерінде біраз ерекшелік болуға тиіс екендігі байқалады». Автор екінші бір жерінде былай дейді: «Мұнан әрі жүре берсек, *де* етістігінің шылау сөзге айналып кеткенін, оның алдындағы сөзді *де* төл сөз қатарына қосудың ешбір қыйсыны келмейтінін көреміз.. Мұндайда *де*-нің алдындағы сөздерді ешбір тыныс белгісімен бөлудің қажеті жоқ»².

Бұл жерде *де* етістігінің қай орында етістік қалпында айтылып, қай орында шылауға айналатындығы, оларды қалай ажырата білу мәселелері күнгірт қалғандығы байқалады.

Де етістігі тұрғанмен, ол сөйлемде төл сөздің бар я жоқтығын проф. Н. Сауранбаев жоғарыдағы авторға қарағанда, басқаша шешеді. Проф. Н. Сауранбаев төл сөз деп біреудің аузынан шыққан «табиғи» сөзді таныйды,

¹ С Жиенбаев. Сөйлемнің тыныс белгілері, 1940, 19-бет.

² Бұл да сонда, 19-бет.

егер сөйлеуші не жазушы біреу айтты етіп құрастырса, ол — төл сөз болмайды¹.

Төл сөзді осылайша ғана түсінсек, көркем шығармалардағы және кейбір ертегі-аңыз әңгімелердегі кездесетін төл сөз түрлерін «автордың құрастырғандығы» себепті төл сөз деп танымаған болар едік. Үйткені онда қатысушы адамдарды сөйлететін — автордың өзі және төл сөз иесі бұл шығармаларда тек қана адам емес, кейде жан-жануар болып келуі де мүмкін. Сондықтан бұл пікірде *де* етістігінің төл сөздегі және басқа жағдайдағы орнын ашып бере алмайды.

✓ *Де*-нің қатысуына байланысты сөйлемнің төл сөзді я төл сөзсіз екенін айыру, шынында, қыйын мәселенің бірі. Үйткені бұл мәселені қыйындататын бірнеше жағдайлар бар. Ол жағдайлар, біріншіден, *де*-нің синтаксистік құрылыстағы көп мағналылығына байланысты. Сөйлемде ол тек «айту» мәніне емес, ойлауға байланысты етістіктердің *де*, «атау», «арнау» етістіктерінің де мәніне ие болып тұрады. Кейде *де* өзінен бұрынғы белгілібір формадағы сөздермен тіркескенде, айту, ойлау мәндерінен бүтіндей айрылып, модальдық я видтік мағананы білдіреді. Мысалы, *Ол қысылайын деді. Егін көктейін депті. Шам сөнейін деп келеді.* Бұл сөйлемдердегі *де*-нің формалары өзінен бұрынғы сөздердің төл сөз ретінде айтылғанын білдірмейді, сол сөздермен біртұтас лексика-грамматикалық бірлікке еніп, істің, қыймылдың бір түрден екінші түрге айналуы, өтуі, жақындауы сыяқты грамматикалық мағнаға ие болады. Мұндағы *деді, депті, деп* формаларында айту, ойлау істерінің ешбір мағнасы жоқ. Демек, бұл реттегі *де* етістігі потенциалды лексикалық мағнадан айрылып, грамматикалық абстракция дәрежесіне көтерілген. Сонымен, *де*-нің төл сөздегі қолданылуын сөз еткенде, оның осы сыяқты түрлі ерекшеліктерін ескеру қажет.

Де-нің төл сөз белгісі бола алмайтын тағы мына сыяқты жағдайлары бар:

✎ *Де* «атау», «арнау» етістіктерінің мағналарына ие болып тұрғанда, өзінен бұрынғы сөздің төл сөз екенін көрсетпейді. Мысалы, *Балтабек деген жігіттікін білесіз*

¹ Н Сауранбаев Семантика и функция деепричастий в казахском языке, 1944, 68-бет

бе?» (С. М., «Ботакөз».) Зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына қолданылатын сөздерді есімдік **өеміз** (Мектеп грамматикасынан). Абай Тоғжанға **деген өз өлеңін айтқысы келді** (М. Ә., «Абай»).

2. Сын есіммен я басқа сөздермен тіркесіп, күшейткіш мәнді білдіретін **де**-нің формалары да төл сөздің белгісі болмайды.

Мысалы: **Сол жаңағы қауыпты деген Есенбайға жеткенше, артына бірде-бір қараған жоқ** (М. Ә., «Абай»). **Досың де ем кісі, шама келсе, осы күшті дұрыс бетіне қарай ақтару керек** (С. М., «Ботакөз»).

3. Кейбір сұрау, сілтеу, белгісіздік есімдіктерімен тіркескен **де**-нің формалары төл сөз белгісі деп саналмайды. Бірақ оның шарты бар: егер сұрау есімдігі өзінен кейінгі **де** етістігінен сұрау интонациясымен бөлініп айтылса, ол есімдік төл сөз ретінде тұрған болады. Мысалы: — **Қайдан?** — деді Тәрбие (С. М., «Сырдария»). — **Немене?** — деді Балтабек (С. М., «Ботакөз»), егер сұрау интонациясы **де** етістігін де қамтып, сөйлем тұтасымен бір ғана сұраулық интонациямен айтылса, ондағы **де** төл сөзді білдірмейді. Мына сөйлемдерді салыстырыңыз: **Ол: «Не?» — деді. Ол не деді?**

Сұрау интонациясы сұрау есімдігінде тұрғанда, **не** сөзі төл сөз ретінде айтылып, автор сөзі соған түсінік болып тұрғаны айқын. Екінші сөйлемде **не** сөзі төл сөз ретінде айтылмай, сөйлем тұтасымен сұраулы мәнге ие болған. Соңғы **деді**-нің төл сөз белгісі емес екеніне бір дәлел: ол — **айт** етістігімен орын ауыстырады. Мысалы, **Ол не деді? Ол не айтты?** Егер **не** төл сөз ретінде айтылған болса, одан кейін бірден **айт** етістігін қоюға болмас еді. **Айт** етістігі сабақты етістік болғандықтан, онымен тіркескен **не** атау тұлғада емес, табыс септігінде тұр; ендеше соңғы сөйлемдегі **не** есімдігі — жалғауы жасырын тұрған табыс септіктегі сөз. Бірақ оның **де** етістігіне меңгерілгені **айт** етістігіне меңгерілгендей айқын білініп тұрмайды. Оған **де**-нің лексикалық мағнадан айрылуы себеп болып тұр.

Сондай-ақ сілтеу, белгісіздік есімдіктерінің төл сөз жағдайында және басқа ретте қолданылуы жөнінде де осыны айтуға болады. Олар төл сөз жағдайында айтылмағанда, соңындағы **де** етістігін **айт** етістігімен еркін алмастыруға болады: **былай деді — былай айтты; ол солай**

деді — ол солай айтты, бірдеме деді — бірдеме а
ешнәрсе деді ме? — ешнәрсе айтты ма? т. б.

4. Де тұрақты сөз тізбегінің құрамында келгенде
сөз белгісі болмайды: керек десе, әке десең, не б
өлдім-талдым дегенде, жан дегенде жалғыз, ай де
жоқ, қой дер қожа жоқ; неге десең; күн демеі, тү
мей, ә дегенде (алғашқыда), мынау деген (адам), әу
жер (біраз жер) т. б.

Де-нің төл сөз болмайтын реттері бұл айтылған
мен бітпейді; де айту, ойлау, сұрау етістіктерінің м
ларына ие болып, біреудің сөзін я ойлағанын көр
де, оларды барлық орындарда да төл сөз түрінде
тұр деп айта алмаймыз. Сырт құрылысында біреуді
зі төл сөз түрінде берілгенге ұқсайды, онда төл
тән кейбір (мысалы, *ғой, ма* демеуліктері) белгіле
тысып тұрады. Соның өзінде төл сөзді білдіретін к
тұлғалық ерекшеліктер сақталғанымен, төл сөздің
рынғы нақтылығы, экспрессивтік бояуы, интонац
сақталмайды. Бұл әсіресе де-нің «ойлау» мағнасын
болып, өзінен бұрынғы сөйлемді біреудің ойлауы, т
жорамалы, күдігі етіп көрсеткенде, яғни /«ішкі төл
түрінде келгенде, көбірек байқалады. Мұндайда да
нен бұрын тұрған іргелес сөзбен бірігіп, себептік,
саттық мәнді білдіреді. Мысалы, *де* өзінен бұрын
-ай, -ақ, ма, ме демеулікті сөздермен айтылса
нақты төл сөзді білдірмей, тек долбар, жоба, тіле
тінде ойлағанды ғана білдіріп, ол сөзбен себептік,
саттық байланысты көрсетеді.

Мысалы: *Балалар келіп қалған-ау деп, ішке к
ішінде он шақты лақ, қозы жүр* (Сп. К., «Орынд
арман»). *Жамал, Олжабектің іздеген елі осы бо
ақ деп, дәмелене қараса да, көзіне ештеме түс
(Ғ. Мұст, «Шығанақ»). Хабар келе ме деп, Ботакөз
сайын күтеді* (С. М., «Ботакөз»).

Бұл сөйлемдердегі *келіп қалған-ау деп, осы бо
ақ деп, хабар келе ме деп* деген тіркестер соңы
басқа бір істің мақсатын білдіреді.

*Алысқа кетеді-ау деп ертеменен, көзінен сорғ
ды жасы тамып* (О. Шипин). *Тағы да солай тістел
деп, ол ұмтылған қаздан қаша жөнелді* (С. М., «
көз»).

Бұл сөйлемдердегі *алысқа кетеді-ау деп, тісте*

деп деген тіркестер жылау, қашу істерінің себебін білдірген.

Жалпы алғанда, осы типтес сөйлемдердің төл сөз екендігінің я одан абстрактанып, тек құрылысы жағынан төл сөзге ұқсас болып тұрғанының арасын айыру тереңірек зерттеуді керек етеді.

Біреудің сөзінің төл сөз түрінде берілуі мен оның автор тарапынан өзгеріске түсіріліп берілуінің арасын айыратындай грамматикалық кейбір белгілер бар.

Төл сөз жағдайында *де* етістігі біреудің сөзі мен автор сөзінің ара жігін логика-грамматикалық жақтан айқын бөліп, төл сөздің ішкі құрылысының, интонациясының сақталуын толық қамтамасыз етіп тұрса, кейде біреудің сөзінің құрылысына автор тарапынан болатын өзгеріске жол беріп, оның төл сөздік қасиетін сақтамайды. Бұл, ең алдымен, біреудің сөзі мен автор сөзінің көршілес тұрған екі сөзінің, яғни біреудің сөзінің баяндауышы мен автор сөзінің *де* етістігі арасындағы қарымқатынастан көрінеді. Бұл екі сөз өзара семантикалық-грамматикалық бірлікке енеді де, төл сөз кезінде бір-бірінен бөлектеніп тұратын қасиеттерден, атап айтқанда, предикативтік пен интонациядан, *де*-нің төл сөз жасау белгісінен айырады. Осының нәтижесінде бұрын төл сөз кезінде біртұтас грамматикалық бірлікте болған біреудің сөзі енді іштей өзгеріске түсіп, ондағы мүшелердің арасындағы қатынас та, байланысу формалары да өзгереді. Сонымен, біреудің сөзінде мына сыяқты өзгерістер болады:

1) бұрын төл сөз кезінде баяндауыш болған сөз енді *де* етістігімен мағналық-грамматикалық тұтастыққа енеді, 2) олардың бұл бірлігі бұрын төл сөз кезінде бастауыш болған сөзді табыс септік формасына түсіреді, яғни меңгереді; 3) жақтық категория автор тарапынан өзара алмасады.

Төл сөз түрі.

Асқар: „*Сарыбас сағынған әкесіне шүйіркелесіп амандасар*“, — *деп ойлаған еді.*

Автор тарапынан өзгеріске түскен түрі.

Асқар *Сарыбасты сағынған әкесіне шүйіркелесіп амандасар деп ойлаған еді* (С. М., «Ботакөз»).

«Сол іске сен қалай қарадың?» — деп сұрадың ғой.

Сол іске мені қалай қарадың деп сұрадың ғой (М. Ә., «Абай жолы»).

Бірінші сөйлемде *амандасар* мен *деп* мағналық-грамматикалық жақтан тұтасып, *Сарыбас* деген сөздің табыс септікте тұруын керек етіп тұр. Ал екінші сөйлемде де жоғарыда айтылған жағдаймен қоса жақтық категориялардың алмасулары болғандығы көрініп тұр. Төл сөздегі *сен* деген 2-жақтың орнына *мен* деген бірінші жақта айтылған. Мұның өзінде төл сөздегі *сен* өз баяндауышымен жақ жағынан қыйысса, өзгеріс кіргендегі 1-жақ *мен қарадың деп сұрадың ғой* тіркесіне менгерілген. Бұл арада *Сарыбасты, мені* деген сөздерді *де* мен оның алдындағы сөздің өзара байланысы емес, соңғы *ойла, сұра* деген сабақты етістіктер менгеріп тұр деп ойлап қалуға болады. Бұл етістіктердің менгеруге тікелей қатыспай тұрғанына, біріншіден, сол менгерілуші сөздердің *ойла, сұра* етістіктеріне тікелей объект болып тұрмағандығы дәлел (мұнда *Сарыбасты* ойлаған жоқ, оның тұтас алғанда ісін ойлап тұр; сондай-ақ *мені* ғана сұраған жоқ, оның бүкіл ісін сұрап тұр); екіншіден, *де* етістігінен соң салт мағналы етістік келсе де, ол сөздердің менгерілетіндігі дәлел, немесе *де*-ден соң ешбір етістік келмесе де, менгеріле байланысудың бұзылмайтындығы дәлел. Мысалы, жоғарыдағы сөйлемдерде *ойла, сұра* етістіктерін қатыстырмай-ақ айтуға болады: *Асқар Сарыбасты сағынған әкесіне шүйіркелесіп амандасар деген еді. Сол іске мені қалай қарадың дедің ғой.*

Немесе *де* етістігінен соң салт етістік келген сөйлемді алып көрейік: *Сізді қуанышыма ортақтасар деп сенемін* (Ә. Ә., «Бір семья»). *Сізді ертерек қайтып, біраз дем алсын деп келдім* (Ә. Ә., «Серт»).

Бұл сөйлемдердегі *сенемін, келдім* дегендер — салт етістіктер, ендеше *сізді* деген сөзді *ортақтасар деп, қайтып... дем алсын деп* тіркестер менгеріп тұрғанына ешбір күман келтіруге болмайды.

Менгерілуші сөздің табыс жалғауы көбінесе түсіп қалып, жасырын тұрады, оның түсіп қалып тұрғанын сол сөздің бұрынғы баяндауышпен жақ жағынан қыйыспауынан білеміз, сонымен қатар оған табыс септік жалғауын жалғау арқылы да білеміз.

Мен теріс айтты деп отырмысың? (М. Ә., «Абай».)
Мені теріс айтты деп отырмысың?

Оның жалғауының түсіп қалуы стильге де байланысты сыяқты. Бұл әсіресе бұрынғы баяндауыштың *де* етістігіне байланыссыз өзі меңгерген тура объектісі болғанда, айқын байқалады, екінші сөзбен айтқанда, бұрынғы баяндауыштың табыс септікті объектісі болса, *де* мен өзара қатынасқа меңгерілген объектіге табыс септік жалғауы жалғанбай-ақ айтылады. Мысалы: *Дәулетті сен көтере ме деп ем* (Ғ. Мұст., «Жыйырма бес»). Бұл сөйлемдегі *дәулетті* деген сөз *көтер* деген етістіктің өзіне ғана меңгерілген, ал *сен* сөзі *көтере ме деп* тіркесіне меңгерілген. *Сені көтере ме деп едім*. Мұнда *дәулетті* деген сөзде табыс септігінің жалғауы тұрғаннан кейін *сен*-ге ол жалғау ашық түрде жалғанбай тұр. Егер оған жалғанса, екі сөз бірыңғай мүше ретінде ұғылар еді, бірақ олар бір септікте тұрып, бір мүшенің қызметін атқарғанмен, екі түрлі қатынастағы объектілер болғандықтан, бірыңғай мүше бола алмайды. Үйткені *сен* объектілік дәрежеге түскенмен, *көтер* деген сөзге субъектілік қасиетін жоғалтпаған, *дәулетті* деген сөз *көтер* деген сөздің тек қана объектісі.


✓ *Де* етістігімен келген біреудің сөзінің кім туралы айтылғанына байланысты автор тарапынан ол сөзге жақтық өзгерістер енгізіледі. Біреудің сөзі әңгімеге тікелей қатыспай 3-жақ туралы айтылса, оның сөзін жеткізуші автор сол 3-жақта айтылған адамды кездестіріп, ол туралы хабарды айтқанда, біреудің сөзіндегі бұрынғы 3-жақ сақталмай, оған тікелей 2-жақпен хабарланады. Мысалы:

Сен жұртты тоғайға қарай аттатпайды дейді ғой (И. С. Т., «Аңшының әңгімесі»). Бұл сөйлем бұрынғы біреудің сөзінде *Ол жұртты тоғайға қарай аттатпайды* деген сыяқты 3-жақтың ісі туралы айтылған. Бұл сөзді жеткізуші адам енді сол 3-жақтың иесін кездестіргенде, оған 2-жақпен айтады.

Қазіргі қазақ тілінде біреудің сөзінің қай жақта айтылуына байланысты оның сөзіндегі жақтық категориялардың мына сыяқты алмасу заңдылықтары бар¹.


¹ Біз бұл арада жол-жөнекей біреудің сөзіндегі жақтық категория мен автор сөзіндегі жақтық категорияның өзара қарым-қатынасын да схемамен көрсетіп кетпекшіміз. Сондықтан түсінуге жеңіл

I. Біреудің бірінші жақта (жекеше, көпше түрде) айтқан сөзі автор сөзіндегі үш жақтың өзді-өзіне тән болса, жіктеу есімдігі мен (мен, біз) жіктік жалғаудың 1-жақтағы (-мын, -мыз) қыйысуы үш жақта да сақталады.




II. Сөйлеуші біреудің өзі туралы 1-жақта айтылған сөзін бергенде, сол бірінші жақты (мен, біз) сақтап айтады. Мұның өзінде:

а) біреудің сөзіндегі баяндауыш 2-жақта тұрса, бірінші жақ жіктеу есімдіктері табыс септігінде (ашық түрде) не барыс септігінде тұрады.




б) біреудің сөзіндегі баяндауыш 3-жақта болса, жіктеу есімдігі тек табыс септігінде ғана (ашық я жасырын түрде) тұрады.




болу үшін біреудің сөзіндегі жақтық категория, автор сөзіндегі жақтық категория деп бөліп отырамыз.

III. Сөйлеуші 2-жақ туралы біреудің айтқандарын хабарласа, оған 2-жақ жіктеу есімдігін енгізіп айтады. Мұның өзінде 2-жақта тұрған біреудің сөзі автор сөзіндегі жақтардың тұрғысынан берілгенде, әрбір жаққа түрліше қатынаста болады:


1. Біреудің сөзі автор сөзіндегі 1-жақ тұрғысынан баяндалса, екінші я үшінші жаққа қаратылады. Алайда қай жаққа қаратылғанын оңай білу үшін сәйкес жақтардың жіктеу есімдіктерін барыс септігіне қою керек.




2. Біреудің сөзі 2-жақ тұрғысынан баяндалса, онда ол бірінші жаққа немесе үшінші жаққа қаратылады. Мұндайда қай жаққа қаратылғанын тез аңғару үшін, сәйкес жақтардың жіктеу есімдіктерін барыс септігіне қойып, қоса айтуға болады.




3. Біреудің сөзі 3-жақ тұрғысынан баяндалса, барлық жақта қаратылады. Мұның өзінде 1-жақ пен 3-жаққа қаратылғаны біреудің сөзінің бастапқы айтылғанын толық сақтаған күйі болады да, 2-жақта қаратылғаны біреудің сөзіне автор тарапынан жақтық өзгеріс енгізген түрі болады. Біреудің сөзі үш жақтың қайсысына қаратылғаны сәйкес жақтағы жіктеу есімдіктерінің барыс жалғаулы тұлғаларынан байқалады.



4. Біреудің сөзіндегі баяндауыш жіктіктің 3-жағында болса, 2-жақ жіктеу есімдігі табыс септігінде (ашық я жасырын) тұрады. Мұнда біреудің сөзі ешбір қалтқысыз 2-жаққа арналады, сондықтан бұл құрылыс автор сөзіндегі 1-және 3-жақ тұрғысынан баяндалады, ал 2-жақ тұрғысынан айтылмайды.



IV. Сөйлеуші (я жазушы) 3-жақ туралы біреудің айтқанын хабарласа, ол біреудің сөзінің баяндауышы жіктіктің 3-жағында қала береді, жіктеу есімдігі атау тұлғада не табыс септігінде тұрады.



Біреудің сөзі мен автор сөзіндегі жақ категорияларының өзара қарым-қатысында біреудің сөзінің жақтық қыясуы әрқашан сақталып, төл сөз түрінде берілуге сәйкес келетіндері — I, III және IV пункттардағы 1, 2, 3-жақтарда қыяса байланысқан түрлер. Басқалары бі-

реудің сөзінің автор тарапынан жақтық өзгеріске түскенін айқын көрсетеді. Сондықтан біреудің сөзінің мұндай түрін төл сөз демеі, төлеу сөздің бір түрі деу әбден орынды. Демек, мұндайда төл сөзге тиісті тыныс белгісін қоюдың қажеті жоқ. Бұл сыяқты төлеу сөз көркем шығармаларда жиі кездеседі, ауызекі тілде де көп қолданылады. Мысалы, *мен үйретті деп отырсың ба?* (Ғ. М., «Оянған өлке».) *Науқастанғанын мен сескенеді деп жасырады* (Ғ. С., «Ақ қанаттар»). *О, тоба! Мені аянады дей ме екен!* (Ғ. Мұст., «Миллионер».) *Қараңғы болған соң, мені көрмес деп ойлады білем* (Ғ. М., «Қазақ солдатты»). *Бұл хатты шешеңе сездіре көрмесін, сезсе, бізді қуып келер деп, тағы бір жаққа тайып кетер. Сен келеді деген соң, үйдегі кемпір де аңырып отырған шығар* (С. М., «Сырдария»). *Маған сені біледі деген. Жатқан орнымызды сен біледі деген* (С. М., «Ботакөз»). *Сені есті жігіт деп естідім* (М. А., «Алтынсарин», пьеса). *Мәкіш айтып еді, сіз ұнатып тыңдады деп* (М. Ә., «Абай»). *Сізді ұната ма, ұнатпай ма деп, біз Итбайдан тіл тартпай келдік* (Сп. К., «Қалың мал»). *Жабай Назыкешті қорлық көрмесін деп еді.* (Ғ. М., «Оянған өлке»).

Қорыта келгенде, *де* етістігінің жағдайында біреудің сөзінде автор тарапынан өзгеріс болуы кездейсоқ нәрсе емес; ол — тіліміздің ішкі заңы бойынша тарихи даму барысында, оның грамматикалық құрылысының жетілуі, жақсаруы нәтижесінде, одан да төрі абстракциялану дәрежесінде пайда болған жаңа сапа болып табылады.

Төл сөздің автор сөзіне *де* етістігі арқылы енуі заңды құбылыс болса да, кейбір көркем шығармаларда бұдан ауытқушылық бар, яғни төл сөз бен автор сөзінің арасы *де*-нің көмегінсіз, тек іргелесіп тұру арқылы байланысады. Мұны біз С. Ерубаеттің «Менің құрдастарым» атты повестінен, әсіресе Ә. Сәрсенбаевтың «Толқында туғандар» деген романынан, көп кездестіреміз.

— *Қоштасып қал...— Лиза көзін басып, солқылдап жылады,— өзімен бірге жүр деу жоқ-ау, уәде қайда?! — Лиза бетін жастыққа қойып, солқылдап жылады* («Менің құрдастарым»).

— *Не дейсің? — Төлеп Сәдудің екі қарынан ұстады* (сонда).

— Жоқ, жоқ, мүмкін емес!! — Рақмет айғайла берді (сонда).

— Жоқ, Әшеке, — Одырбай күледі, — сіз түсініксіз («Толқында туғандар»). — Сөз бітті, жігіттер, — Ақсақалдың оң қолын жоғары көтерді. Ал іске кіріселік! (Сондай-ақ Мұндайды Ғ. Слановтың да шығармасынан кездеседі) болады: — Қалай, қалай дейсің? — Балаусаның майлы көзі ұясынан шығып кете жаздады. — Енді өзіңнен Сібірдің исі аңқып тұр ғой!.. (Ғ. С. «Дәуір қан».) С. Мұқановтың «Ботакөзінде» бір жерде кездеседі:

— Мен енді сенімен тілмен емес, мынаумен сөйлеймін, — Кулаков қамшысын көрсетті, — одан да айтып берейіңдер!

Ғ. Мүсреповтың «Оянған өлке» романында кездеседі:

— Өйтпесең, кейін өкініп жүретін боласың, Акула.

— Енді оттамасаң екен! — Бұланбай да түсініксіз тып алды.

— Үш күнде даяр етем.

— Үш күнде? — Ушаков жақтырмаған қабатты көрсетті.

Төл сөз бен автор сөзі арасында *де*-ні түсіріп кеткен тенденциясы — кездейсоқ нәрсе емес, белгілі дәрежеде орыс тіліндегі төл сөз бен автор сөзінің іргелес екендігінің нәтижесі ретінде қалыптасқан. Бұл құбылыстың заңдылығының әсері болып табылады. Бұл құбылыстың Абай, Ы. Алтынсарин, Сұлтанмахмұт шығармаларында кездеспейді. Сондай-ақ бұл құбылыс қазіргі қазақ жазушыларының бәрінің дәстүріне айнала қойған. Тек жоғарыдағы сыяқты бірен-саран жазушылардың шығармалары мен аударма әдебиеттерде кездеседі. Жазушылардағы мысалдарға қарағанда, *де*-сіз байланыс сөзінде, оның сөз тәртібінде өзгеріс болатындығын көрсетеді: 1. Төл сөзден кейін автор сөзі бастауыштан, *де*-іесінен басталады, демек, *де* етістігі кезіндегідей *де* сия жасамай-ақ тұрады. 2. Автор сөзінің құрамында *сөйле, ойла, сұра* деген сыяқты етістіктердің бірінің тұрмауы керек. Егер олар кездесе қалса, автор сөзі *де* сөзбен *де* арқылы байланыспай қоймайды. 3. Автор сөзінің сыяқты формамен аяқталуды қажет етеді. 4. Автор сөзі төл сөзбен *де* тұрған кездегідей жымдасып кетпейді, бұл реттегі автор сөзі түсіндірмелі қылып

сөйлемге жақындайды. Жалпы алғанда, бұл құбылыстың келешегі бар, алайда кейбір жазушылардың мұнымен тым әуестеніп, өз шығармаларында *де-нің* байланыстырушылық ролін төмендетуі орынсыз. Үйткені қазақ тілінің заңдылығы қазіргі кезде *де-ні* түсіріп тастап айтуды көтермейді. Үйткені *де* болмаса, төл сөз бен автор сөзінің ара жігін айырып түсінуге қыйындық келеді. Мысалы, Ә. Сәрсенбаевтың романында төл сөздің бәрі дерлік *де-нің* дәнекерлігінсіз байланысқандықтан, төл сөз бен автор сөзінің ара жігін ажырату қыйын.

— Қазеке, — Асаубай еңіреп қоя берді, — Михаил Иванович, қой деңізіші мына кісіге, мен қалмаймын.

— Астапыралла-ай! — Жалықпас қарияның жүзіне үрей ұялап-ақ қалған екен, алақтап әркімге бір қарады, — Қой, қарақтарым, ондай пәлесі болса, қайтамын дегенді қойыңдар.

— Әрине, — Асаубай тағы да бір ақыл үйретіп қалды, — заңға бағыну керек.

Егер бұл сөйлемдердің арасындағы тыныс белгілері болмаса, төл сөз қайсы, автор сөзі қайсы екенін айыру қыйын болар еді.

* * *

Қазақ тілінде біреудің сөзі мен автор сөзінің *де-сіз* байланысуының екінші бір түрі кездеседі. Ол — біреудің сөзінің заттануы я етістіктенуі арқылы болатын түрі. Мұнда біреудің сөзі *де-мен* байланысқандағыдай логикалық-грамматикалық, экспрессивтік ерекшеліктерін толық сақтамай, автор тарапынан болатын заттану не етістіктену сыяқты қосымша мағна арқылы беріледі. Басқаша айтқанда, біреудің төл сөзін автор өз сөзіне жай енгізе салмай, заттық-объектілік, қыймылдық мәнге айналдырып, сын есімнің я есімшенің заттануы сыяқты дәрежеге жеткізеді. Әдетте үстеудің, одағайдың заттық я қыймылдық мағнаға ие болуы — біреудің сөзінің заттануы не етістіктенуі арқылы болған құбылыстар. Яғни ет сөздер біреудің сөзі түрінде айтылудан барып зат, қыймыл мәніне ие болған. Мысалы, *Жалқаудың ертеңі бітпес. Уһледі, аһлады* т. б.

Заттық я қыймылдық мәнге ие болған біреудің сөзі жайылма сөйлем не құрмалас сөйлем түрінде сирек кездеседі, көбінесе бір сөз, екі-үш сөзден әрі аспаған, оның «сынықтары» түрінде болып келеді.

Біреудің сөзі заттанғанда, ешбір қосымша қоспай, автор сөзіндегі басқа сөздермен сөйлем мүшесі қатынасында байланысуы мүмкін, сондай-ақ зат есімге тән сөз түрлендіруші қосымша арқылы басқа сөздермен байланысуы мүмкін. Мысалы:

Бір тойда ақысы кеңес болды, «аламын», «бермеймін» егес болды (С. М., Таңд. шығ.). «Қайтайық» басыңқырап тұрған кезде, бір нәрсе далбаңдаған «Сандықтастың» төбесінде ұшырай кетті көзге (сонда). «Ел жатса да, енекем жатпайды» біз ғой (М. Ә., «Абай»). «Ләген төге ғойлар» өкпесін тессе де, ол үндемеді (С. М., «Ботакөз»). Бар тілегі Итбайға ауған, «мені» жоғалған (сонда).

Бұл сөйлемдердің бәрінде заттанған төл сөздер бастауыштың қызметін атқарып тұр.

Заттанған төл сөздер ілік, барыс, табыс, шығыс және көмектес септіктерінде тұрып, сөйлемнің танықтауышы мен толықтауышының қызметін атқарады.

— *Бұрын жоқ дегенім қайда, енді болмаса?*

— *«Енді болмасаның» жайын айтшы (С. М., «Ботакөз»).*

— *Я тебе!.. — деді губернатор, Кошкинге саусағын безеп, көзін ежірейтіп. «Я тебе!»-нің артында зіл барын я кексіз зеку екенін Асқар да, басқалар да білген жоқ. Бүркітбай «Зачем пришел?»-ға сасып қалды (С. М., «Ботакөз»). — Шығыстан келіп қалды!.. — Көріп отырмын!.. «Көріп отырмын!»-ды айтқан сайын, таяқтай-таяқтай леп белгісін қойып, айта бастаппын (Ғ. М., «Қазақ солдатты»). Кешегі Оспан... «Ала бер»-ден, «келе көр»-ден бір күн басын бүрды ма? (Абай.) Көп біріне-бірі қарады, «сен айт, сен айт»-пен іштен тіресіп тұр (Ғ. Мұст., «Шығанақ»).*

Заттанған төл сөздер еді, болды деген көмекші етістіктермен тіркесіп, сөйлемнің баяндауышы болады.

Рақметтің күткен жауабы: «иә» еді (С. М., «Сырдария»). Оның аузына түскен сөз: «Апама айтам», — болды (М. И., «Алғ. айлар»). «Сені мұғалім шақырып жатыр» болды оның бірінші сөзі (сонда).

Біреудің сөзі етістіктің *-ла, -ле* жұрнағын жалғап, қыймыл мәніне ие болады да, автор сөзіндегі сөйлемде пысықтауыштың не баяндауыштың қызметін атқарады.

Жаппарханның мұршасы келген жоқ. «Тоқта! Тоқта!»-лап ұшты соңынан (Ғ. Мұст., «Жыйырма бес»). Не